



**Автор:** Гакашина Индира Карабекқызы

**Пән:** Сауат ашу

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Менің отбасым және достарым

**Тақырып:** Менің сыныптас достарым. Ы дыбысы мен әріп.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.3.9.1. Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.3.11.1.Сөйлемді бас әріптен бастап жазып,сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.
Сабақтың мақсаты:	1.3.9.1.Әріпті тану,ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.3.11.1.Сөйлемді бас әріптен бастап жазып,сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.
Тілдік мақсаттар:	<b>Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:</b> Достар - друзья, Ыдыс - посуда, Туған күн - день рождения <b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> <b>1.</b> Оқушылар қандай сабақтарда болды? <b>2.</b> Олар әр сабақта немен айналысты? <b>3.</b> Сауат ашу сабағында қай әріппен танысты?
Күтілетін нәтиже:	<b>Барлық оқушылар орындайды:</b> Ы дыбысы мен әріпін меңгереді, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Ы дыбысының сөздегі орнын анықтайды. <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Қарапайым сөздер мен сөйлемдерді буындап,тұтас, дауыстап оқи алады. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Күрделі емес мәтіндер мен суретті кітаптар бойынша қарапайым сұрақ қоя біледі.
Бағалау критерийлері:	- Тақырыпқа байланысты керекті сөздерді,сызба,сурет белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдерден мәтін құрастырады және жазады. - Әріпті таниды,ажыратады және оны дыбыспен сәйкестендіреді. - Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтады. - Сөйлемді бас әріптен бастап жазып сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қояды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір - біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба, таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер,ана тілі,музыка.
Бастапқы білім:	

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (1 мин)</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b>  <b>" Ақ тілек,әсем күлкі" тренингі</b>  - Көңіл - күйлеріңз қалай ?  - Керемет! (қолдарын көтереді)  - Сабаққа дайындықтарың қалай ?  - Тамаша ! (қол шапалақтайды)  - Ынталарың қалай ?  - Ғажап ! (Бас бармақтарын көтереді)  -Ендеше сабағымызды бастайық!  - О,о,о ! (шапалақтайды)  -Міне, осындай жылумен сабағымызды бастаймыз</p>	<p>Интербелсенді тақта</p>
<p>Сабақтың ортасы (25 мин)</p>	<p><b>Ой шақыру. Мәтінді оқу.</b>  Менің сыныптас достарым.  Мен, Елтай орта мектебінің 1 - сыныбында оқимын және білім аламын.Менің сыныптас достарым өте мейрімді,сауатты,ақылды,ақкөңіл оқушылар,олар қиын сәттерде тастап кетпейді,керісінше көмектеседі.Мен өз сыныптас достарымды жақсы көремін және оларды құрметтеймін.  1. Тыңдаған мәтінде кімдер туралы айтылған?  <b>Суретпен жұмыс</b>  Ы дыбысына қонаққа келген қонақтардың аттарын табу.Ол сөздерге дыбыстық талдау жасау.  <b>Жұмбақ</b>  Кесе,шыны,пиала  Оларсыз шай құя ма?  Қасықсыз тамақ жемейміз,  Бәрінің атын не дейміз? (Ыдыс)  - "Ыдыс" деген сөзде бірінші қандай әріп келіп тұр?(Ы әрпі)  Ендеше,балалар бүгін біз Ы әрпімен танысамыз.Ы дауысты дыбыс.  "Ыдыс" сөзін буынға бөлейік.  Неше буын болды?(екі буын)  Ыдыс сөзін бірнеше рет қайталап,созып айтқызу (Ы - ы - ды - ы - ы - с).  Оның таңбасын көрсетіп,әрпімен таныстыру.  Кеспе әріптердің көмегімен буындар құрастырып, оларды сынып оқушыларына оқыту (ыл,ыс,ыр,ыш ).  Хормен тізбектеп оқыту.  <b>Дәптермен жұмыс</b>  Дәптерімізді ашайық  Салақтықтан қашайық  Қолға қалам алайық  Көркем етіп жазайық.  <b>Ауада жазу Ыы</b>  Жазу дәптеріндегі ы әріпінің баспа, жазба түрлерін салыстыру.Қолдың еркін жазуына арналған жаттығу жасау.Ы әріпін үлгідегідей жол аяғына дейін жазу.  <b>Сергіту сәті</b>  <b>Топпен жұмыс</b>  Суреттерге қарап өз топтарымен сұраққа жауап беру.  1.Оқушылар қандай сабақтарда болды?  2.Олар әр сабақта немен айналысты?  3.Сауат ашу сабағында қай әріппен танысты?</p>	<p>Аудио ұнтаспа  Дәптермен жұмыс  Оқулық  Сюжетті суреттер</p>
<p>Сабақтың соңы (7)</p>	<p><b>"Ыстық орындық" стратегиясы</b>  Ы дыбысы қандай дыбыс?  Ы дыбысы бар сөздерді айтыңдар?  Ыдыс сөзіне сөйлем құрастыр?  <b>Кері байланыс</b>  Бүгін сабақта:  .....білдім  .....жасадым  .....үйрендім</p>	<p>Сюжетті суреттер</p>
<p>Рефлексия (2 мин)</p>	<p>Бас бармақ арқылы мадақтау.</p>	<p>Көңіл күй смайликтері</p>